

МАЙЯ МҰХАММЕД-ӘЛИҚЫЗЫ БАҒЫЗБАЕВА

Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының академигі, Халықаралық Шығармашылық академиясының толық мүшесі, Қазақстанның ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Майя Мұхаммед-Әлиқызы Бағызбаева өмірдің тар жолында тайғақ кешкен, сокпақсыз әрі соктықпалы кезеңінен сынбай, сүрінбей шыққан, өнегелі ұстаз, ғибратты ғұлама, шынайы шығармашылық тұлға еді.

Майя Мұхаммед-Әлиқызының сәби, бала шағы отызыншы жылдардағы қуғын-сүргін құрсауында өтті. Атасы Бағысбай өз заманының ірі тұлғасы еді, қоқан хандығы тұсында өз өңірінің датқасы болды, ел-жұртын қоқандықтардың езгісінен қорғады. Әкесі Мұхаммед-Әли 1937 жылы жалалы болып, жазықсыз жанын қиған соң, отбасының ойраны шықты. Анасы халық жауының жары ретінде жабық жазалау лагері Карлагқа жабылды. Ағасы Сұлтанбек балалар үйіне өткізілді. Бұл шақта Мая Мұхаммед-Әлиқызы дүниеде жамандық барын, жазықсыз жабылатын жала барын, жазықсыз жапа шегу, жазықсыз жан беру болатынын біле де, сезе де алмайтын сәби сана еркіндегі балапан жаста еді. Буыны бекімеген, бұғанасы қатпаған бес жастағы бала әкеден ерте көз жазып қалған соң, халық жауының баласы ретінде анасымен бірге жер аударылды, қуғын-сүргінге түсті. Әкесінің жанын алған билік жазықсыз баланың басын байлады, жабық жазалау лагері Карлагтың жанындағы жетімханаға қамады. Ата-ана бауырында тұлымшағы желбіреп, балдай тәтті басталған балалық шағы қамау мен қапаста қалды. Күмістей сыңғырлаған сәби күлкісі сап тыйылды, қабақты кірбең басты, жанарды мұң жапты, жүрекке шер байланды. Күндей күліп, гүлдей жайнайтын асыл шак қапалықпен, құсалықпен өтіп жатты. Осындай күндердің бірінде жетімхана тәрбиешілерінің бірі көзі жасты, көңілі шерлі жетімектеріне ауыр жұмыстан арқа еті арша, борбай еті борша болып, арып-ашып келе жатқан аналарын көрсетеді. Аналар аңырап балаларына, балалар жамырап аналарына ұмтылады. Бір сәт Карлагтың басы азан-қазан болады. Аңыраған ананың да, жамыраған баланың да көңілдегі шемені еріп, шері төгіледі...

Карлагта аңыраған аналар мен жамыраған балаларды ешкім суретке түсірген жоқ. Осы бір сұрапыл көрініс сөзбен де суреттелмеді. Соған қарамастан Майя Мұхаммед-Әлиқызының ауызекі айтқан әңгімесінің сарынынан көз алдыма осы көріністің бір сәттік суреті елестейді: темір тордың бір жағында ана, бір жағында бала; ана қолын созып баласына ұмтылады, бала қолын созып анасына ұмтылады; ананың созған қолы балаға жетпейді, баланың созған қолы анаға жетпейді; екеуінің де қас-қабағында азап-мехнат көлеңкесі бар; екеуінің де көзінде бұршақтап аққан жас.

Уақыт аждаһасы қаршадай қыздың әкесін жұтып қана қоймай, балалығын да жоқ қылды. Ата-анадан, бауырларынан, туған-туысқандарынан, балалығынан көз жазып, адасып қалған жастың жаны күйзелді, жүрегі езілді, көңілі егілді, ақыры бекінді. Жетім қозы секілді түңілді, түңілді де отықты. Ерте есейді, көңілі нала, жаны жара болып өсті. Ағасы Сұлтанбек 16 жасында соғысқа сұранып барып, қыр соңынан қалмаған халық жауының баласы деген жалалы дақтан қанын төгіп, жанын беріп арылды.

Соғыс аяқталып, ел ес жия бастаған кезде, елге қайтуға рұқсат алған анасымен бірге Майя Мұхаммед-Әлиқызы Шымкентке келіп, қаладағы қыздарға арналған орыс орта мектебінің тоғызыншы класына оқуға қабылданады. Бұл 1947 жыл еді. От - басында тілі қазақша шыққан қыз еліне оралғанда, орыс тілінде ойлап, орыс тілінде сөйледі. Қазақша бір ауыз сөз білмеді. Мектепте үздік оқыды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Сөйте жүріп әр қадамын андап, алды-артын барлады, ақырын жүріп, анық басты. Мектепте комсомол қатарына өтуге талаптанып көріп еді, мектептегілер халық жауының қызын комсомол қатарына алмады, қабылдамады. Сөйтсе де Карлагтың жетімханасында қалыптасқан күрескерлік рух әр істе де елдің алдында, озат болуға құлшындырды. Жанашырлары төлқұжатына әкесінің атын да, атасының атын да өзгертіп жаздырды.

Бой жетіп келе жатқан қызға ұлдар орта мектебінің үздік оқушысы, мектеп комсомол ұйымының хатшысы болып жүрген жас өспірім жігіт көмек көрсетіп, демеу болды. Көзінде оты бар, көңілінде көлеңкесі бар жігерлі қызды әрдайым қорғап, қолдап жүрді. Мектепті екеуі де үздік бітірді. Бірақ халық жауының қызына медаль берілмеді. Екеуі Мәскеуге, Мәскеу мемлекеттік университетіне оқуға түсуге құжаттарын тапсырды. Бірі механика-математика факультетіне, бірі филология факультетіне. Екеуі де оқуға қабылданды. Бірақ Майя Мұхаммед-Әлиқызының алдынан халық жауының қызы деген ат тағы шықты. Соған байланысты бір жыл Ленинградта оқып, Мәскеу мемлекеттік университетіне содан кейін ауысып келді. Алдынан мектептегі комсомол хатшысы шықты. Мәскеу университетінде де жастар ұйымдарының жетекшілерінің бірі екен. Екеуі екі факультетте қатар оқыды. Қоғамдық жұмыстарда, мәдени іс-шараларда екеуі қатар жүрді. Екеуі де спортпен айналысты. Ұл самбодан Мәскеу чемпионы атанды, қыз спорт шеберінің көрсеткішіне қол жеткізді. Студент қыздың ерекше ден қойған ісі қазақ тілін үйрену болды. Бұл істе де мектептегі қорғаушысы көмекке келді. Орысша-қазақша сөздік алып беріп, әр сөздің айтылуына, қазақша сөйлеуге үйретті. Комсомол қатарына қабылдануына тілекші болды. Мәскеуде оқитын қазақстандық жастардың бірлестігін басқарып, талай қызықты, танымдық маңызы үлкен кездесулерді ұйымдастырып, өткізуге қатыстырды. Мәскеудің ғылым мен

білім, мәдениет пен өнер, тарих саласындағы атақты азаматтарының бетке шығарларын жерлестер кешіне қонаққа шақырып алып келгенде, қазақстандық жастар өз жетекшілерінің алғырлығы мен алымдылығына, ұйымдастыру өнеріне тәнті болатын. Осының бәрі студент қыздың көңіліне жарығын түсірді, өмірге құштарлығын арттырды. Елден бірге келген, университетте бірге оқып жүрген жанашыры рухани демеу көрсетіп қана қоймай, тұрмыста да қолдап-қорғаушы болды. Жоғары курстарда университеттің жаңадан салынып жатқан ғимаратының құрылысына екеуі де қатысты.

1954 жылы Москва мемлекеттік университеттің салынып біткен ғимаратында екі факультеттің екі озат, белсенді, атақты студентінің үйлену тойы өтті. Университет ғимаратында алғаш өтіп отырған студенттік тойда университет ректоры үйленген жастарды шын жүректен құттықтап тілек айтты. Мәскеуде гастрольде жүрген қазақтың атақты әнші қызы Роза Бағланова тойда ән шырқады. Қазақстандық студент жастардың мерейі өсті. Жас жұбайлар Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков пен Майя Мұхаммед-Әлиқызы Бағызбаева бақыттан балқып, күндей күліп, гүлдей жайнады. Көп ұзамай екеуі де мемлекеттік емтихандарын өте жақсы тапсырып, диплом жұмыстарын айрықша белгілермен қорғап шықты. Майя Мұхаммед-Әлиқызы диплом жұмысын «Жамбыл Жабаев шығармаларындағы патриоттық сарын» деген тақырыпта қорғады. Диплом жұмысын жетекшісі академик Корнелий Зелинскийдің жоғары бағалады. Бір ғажабы, мемлекеттік комиссия жұмысына Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қатысты. Бұл М.О. Әуезовтің, КСРО Мәдениет министрлігі Жоғары білім бас басқармасының (1954) және М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің 1954 жылғы 6 қаңтардағы № 9 бұйрығына сәйкес, 1954 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы университеттің КСРО халықтары әдебиеті кафедрасының профессоры болып қызмет атқарып жүрген кезі еді. М.О. Әуезов мемлекеттік комиссия жұмысына қатысып қана қоймай, Карлағтың қияметін бастан кешірген, қазақ тілін білмейтін қазақ қызының Мәскеу мемлекеттік университетінде қазақ халқының ұлы жырауы Жамбыл шығармаларындағы патриоттық сарын туралы диплом жұмысын жазып, оны тамаша қорғауының өзінде халыққа, елге, Отанға деген үлкен сүйіспеншілік сезімі барын тебіреніп тұрып айтты. Өзі де небір тар жол, тайғақ кешулерден өткен ғұлама жазушыны каршадай қазақ қызының килы тағдыры мен өмірге құштарлығы, күрескер рухы қатты толқытқан еді.

Майя Мұхаммед-Әлиқызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор, кафедра меңгерушісі, лаборатория меңгерушісі болып ұзақ жылдар бойы жемісті қызмет атқарды. Қазақстанда орыс әдебиеті, шетел әдебиеті, фольклористика саласында жоғары білімді және жоғары білікті мамандар даярлау мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту ісіне зор еңбек

сіңірді. Жетісу өңіріндегі орыс халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаудың, жүйелеудің, сақтаудың, зерттеудің және білім беру үдерісінде пайдаланудың барлық тетіктерін, кезеңдерін анықтады, осы салада атқарған қажырлы ұйымдастырушылық, басқарушылық қызметінде үлкен жетістіктерге жетті. Майя Мұхаммед-Әлиқызын ресми ортада аты-жөнімен атап, өзінің кабинетіне немесе лабораториясына сәлем беру үшін барғанымда, әпке деуші едім. Ондайда әпкем бауыры елжіреп қарсы алатын. Кейде менің жұмыс бөлмеме әлдебір мәселе бойынша кеңес беруге өзі келетін. Ол кезде факультет деканымын. Әпкем әлденеге ренішін білдіріп қоймас па екен деп аландап отыратын жайым да болатын. Бір жолы менің ойыма келмеген жағдай болғаны бар. Өмірбек Арысланұлының Парламент депутаты болып жүрген кезі. Майя Мұхаммед-Әлиқызы бір әңгімесін айтып отырды да, көңілі босап, жылап қалды. Мен жұбатып әуремін. Бұрын да осындай бір жағдай болған. Әпкемді әрең жұбатқанмын. Көз алдыма әпкемнің Карлагта анасына қолын жеткізе алмай жылап тұрған қалшы елестеп, көңілім толқыған. Бұ жолы да қатты састым. Енді қайттім деп тұрғанда, телефон шылдырап қоя берді. Телефон шылдыры әпкемнің көңілін орнына түсірер ме екен деген үмітпен трубкаға қолымды асықпай создым. Өмірбек Арысланұлы екен. Майя Мұхаммед-Әлиқызының осында екенін лабораториядан сұрап білген сияқты. Амандық-саулықтан кейін, Майя Мұхаммед-Әлиқызын сұрады. Мен телефон трубкасын әпкеме бердім. Әпкем сөз арасында мұрнын тартып қояды...

Қысылғаным-ай. Әпкемді өзім жылатқандай абыржығаным-ай... Өмекен: «Жанғара, факультетте әпкеңнен басқа ұрсатын адамдар да жетеді ғой. Әпкеңді жылатқаның не?» - деп айтса, өлім-ау деп қиналамын. Жүрегім кеудеме сыймай бара жатқандай алқынамын...

Жарықтық Майя Мұхаммед-Әлиқызы көңілі баланың көңіліндей таза, өте сезімтал кісі еді. Оның үстіне осы тұста өзі бір жағдайға байланысты қапаланып жүрді, онысын былайғы жұртқа білдірмейтін. Маған да ашып айтпайтын. Майя Мұхаммед-Әлиқызының мәдениет, ғылым мен білім туралы көзқарасы айрықша биік болатын. Тіршілікте көргенімізге қарағанда, мәдениет пен өнерді, ғылым мен білімді өнерпаздар мен данышпандар жасайтын сияктанатын. Мәдениет пен өнердің, ғылым мен білімнің тарихында небір алып тұлғалардың, майталман даналардың қатары бары жұртқа белгілі. Көзімен көріп, қолымен ұстағанын танып дағдыланған жұрттың мәдениет пен өнерді, ғылым мен білімді жасайтын осындай алып тұлғалар, майталман даналар деп білетіні анық. Мұның өзі көзбен көргендей, қолмен ұстағандай нақты болғандықтан, оған қарсы басқа пікір айтудың қисыны да жоқ сияқты.

Тарихтағы, мәдениет пен өнердегі, ғылым мен білімдегі дара, дана тұлғалардың орны туралы осындай бір әңгіме Әуезов аудиториясында айтылғаны есімде. Майя Мұхаммед-Әлиқызы осындай ақиқаты анық көрініп тұрғандай құбылысты өзінше бағалады және өзгелерді де өз дегенінің шындығына, негізділігіне сендірді.

Майя Мұхаммед-Әлиқызының ойынша, мәдениетті, өнерді, ғылым мен білімді жасауға, дамытуға адамзат баласы ұрпақтарының барлық буындарының өкілдері қатысады. Оны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ мынаны естен шығармау керек: мәдениет пен өнерді, ғылым мен білімді жасайтын алып тұлғалар, майталман даналар шекесі торсықтай болып өзінен-өзі туа қалмайды; мәдениет пен өнерді, ғылым мен білімді жасайтын, қарыштап алға бастыратын алып тұлғалар, майталман даналар мәдениет пен өнердің, ғылым мен білімнің құнарлы қара топырағынан өніп-өсіп шығады.

Рас емес пе. Әрине, рас. Майя Мұхаммед-Әлиқызы мамандар арасында бола беретін кәсіби ой алмасу жағдайында айтылған пікірге де, оған негіз болған құбылысқа да басқа тұрғыдан, өз тұрғысынан, баға берді және ол бағасын бұлтартпас қисынмен негіздеді. Тыңдаған жұрттың бәрі ойланды ма, бірі ойланды ма – оны айтқым келіп отырған жоқ. Өзімнің ойланғаным анық. Расын айтсам, күні бүгінге дейін ойланамын. Ұлттық мәдениет пен өнерді, ғылым мен білімнің ұлттық жүйесін жасайтын, ұдайы жақсартатын, қарыштап дамытатын алып тұлғалар мен майталман даналар өніп-өсетін «құнарлы қара топырақ» туралы ойланамын. Майя Мұхаммед-Әлиқызы айтқан сол «құнарлы қара топырақта» қандай құнар қалды екен деп тағы ойланамын.

Майя Мұхаммед-Әлиқызының мәдени мұраға, әдеби ескерткіштерге, жылнамаларға көзқарасы ерекше болатын. Кітапханасында көптомдық жылнамалар жинақтары, ескі әдебиет ескерткіштері тұтасып тұратын. Өзі материалдық, ғылыми-ақпараттық негізін құрған лабораторияда орыс фольклорының небір үлгілерінен бастап, оны айтушылардың өмірбаяндары мен суреттеріне дейін сақтады. Халық өлеңдерін айтушы және халық биін билеуші студенттердің ансамблін құрды. Лаборатория материалдары негізінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша бірнеше ғылым докторларын даярлады, ғылым кандидаттарының тұтас бір легін тәрбиелеп шығарды. Студенттердің фольклорлық экспедициясын ұйымдастырып, лабораторияның ақпараттық қорын жыл сайын жаңа материалдармен байытып, толықтырып отырды. Соның бәрін студент жастардың ақыл-ойын, есін байытатын аса қымбат рухани құндылық ретінде бағалады. Адамның адамшылығын танудың, бағалаудың өлшемдері көп деңгейлі. Көпке салғанда, олар алуан түрлі. Майя Мұхаммед-Әлиқызы солардың бәрін бір арнаға түсіріп, бірбүтін құбылысқа

айналдырып, оны мәдениет деп атайтын. Кісінің кісілігі оның мәдениетке, мәдени мұраға қатынасының сипатымен байланысты анықталатыны туралы қағиданы әуелде қатардағы көп ойлардың бірі секілді қабылдағаным рас. Оның мәні мен мәнісінің терең екенін кейін түсіндім. Майя Мұхаммед-Әлиқызы адамзаттың ақыл-есінің тарихы дегеніміздің өзі мәдениет тарихы екеніне, мәдениет тарихы дегенде, есті кісілердің ойында адамзаттың ақыл-есінің тарихы тұратынына көзімді жеткізді. Есінде мәдениеттің негізі жоқ адам мен есі жоқ адамның арасында айырмашылықтың да жоқтығын аңғартты. Халықтың өз өмір тәжірибесі негізінде өмір бойы жинаған, сақтаған, байытқан, ұрпақтан ұрпаққа жетілдірген қалпында жеткізген рухани құндылықтарында баянсыз ештеңе болмайтынын ұқтырды. Одан теріс айналмау керектігін, ұдайы соған ұмтылу керектігін ескертті. Халықтың өз өмір тәжірибесі негізінде өмір бойы жинаған, сақтаған, байытқан, жетілдірген рухани құндылықтарын тәркілеу адамның ақыл-есін аздырудың жолы екені туралы пікірін білдірді.

Филология факультетіндегі фольклорлық лаборатория жұмысы шеңберінде Майя Мұхаммед-Әлиқызы айтқан осы ойлардың, ақыл-кеңестердің мен үшін өмірлік маңызының қаншалықты жоғары болғанын бүгінде күн сайын сезінемін. Өзі білмей, білгеннің тілін алмай, өз сөзінен басқа сөзді ұқпай өткендер бұрын да болған, қазір де жеткілікті. Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылымен жарлы бол деушілердің қатары бүгінде де қалың. Соған қарамастан кісінің алдында жанының жарығын түсіретін, әр нәрсенің анығын, ақиқатын айтатын, мәнін ұқтыратын адамның болуы байлықтың үлкені екен. Менің өмір жолымда жанының жарығын түсірген, әр нәрсенің анығын, ақиқатын айтқан, мәнін ұқтырған жақсы да жайсаң кісілер болды. Солардың арасында Майя Мұхаммед-Әлиқызының бейнесі ерекше қалпымен елестейді.

Майя Мұхаммед-Әлиқызының артында кейінгі ұрпақ үшін, елдің өсер өркені үшін ғибратты тағылымы, тағылымды ғибраты қалды. Жер қойнына берерде бір ауыз сөз айттым. Көз алдыма марқұмның Карлағта анасына қол созып, көзінің жасын көл қылып тұрған бала бейнесі келді. Көңілім толқыды. Осы жолдарды жазып отырғанда да сондай күйде болдым. Майя Мұхаммед-Әлиқызының рухына Пайғамбарымыз шапағат етіп, Алла рақым нұрын түсіргей.

08.10.2014.

Жанғара Дәдебаев